

Осы жарияланым банктер мен олардың депозиттік өнімдерінің жарнамасы болып табылмайды, осыған байланысты банктердің атаулары жарияланбайды.

Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және мөлшерлемелері туралы жалпы ақпарат беруге бағытталған. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) алдарыңыздағы деректердің қаншалықты дәл, толыққанды, шынайы және өзекті екендігіне кепілдік бере алмайды. Өйткені олар екінші деңгейдегі банктердің сайттарына жасалған мониторинг негізінде алынған. Сонымен банк салымы шартын жасамай тұрып, таңдау жасалған банк туралы ақпараттарды нақтылап, пысықтап алу қажет. Тағы да еске саламыз, банктегі таңдап алынған салымға ақша салмай тұрып, сол депозиттің табыстылығы ғана емес, банктің өзінің қаржылық ахуалы қандай екендігін ескерген дұрыс болады. Мәлімет үшін: ҚДКБҚ сайтында банктердің рейтингі туралы ақпарат та жарияланған (<https://kdif.kz/kz/finansovaya-gramotnost/rating/>). Бұл банктер – Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы қаржы институттары. Ал рейтингтерді халықаралық рейтингтік агенттіктер берген.

Жинақ ақша туралы саналы шешім қабылдау үшін ҚДКБҚ шарттың талаптарын, оның ішінде депозитті толықтыру, одан қаражатты мерзімінен бұрын толық және ішінара алу талаптарын мұқият оқуға кеңес береді.

Жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері

(депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің сайттарына мониторинг жүргізу негізінде)

Банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру барысына жасалған шолу 04.12.2025 ж. қарай қалыптасқан деректер

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ) әрбір банк өзінің депозиттік өнімдері бойынша пайыздық сыйақыларының мөлшерін өзінің ішкі депозиттік саясатына сәйкес белгілейтіндігін хабарлайды. Сонымен қатар банктердің шешіміне Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі мен нарықтың басқа да қатысушыларының мөлшерлемелерінің өзгеруі, сондай-ақ халықтың депозиттерін тарту мен жүйелік тәуекел¹ үшін төленетін жарна бойынша шығыстар арасындағы теңгерімді сақтау қажеттілігі де әсер етеді.

2025 жылғы 28 қарашада Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені 18,0% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады. 2025 жылдың қараша айы мен желтоқсан айының алғашқы күндері кезеңінде банктер депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін көтеруді жалғастырды.

Депозиттік нарықтағы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі:

Өзгерістер	Мерзімсіз салымдар	Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар	Толықтыру құқығы бар жинақ салымдар	Толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар
▲	3 банк	3 банк	3 банк	8 банк
▼	-	-	1 банк	-

¹ халықтың депозиттерін тартудың агрессивті саясатын шектеу үшін Банктер ҚДКБҚ-ға жүйелік тәуекел үшін жарна төлейді, оның мөлшері банктің орташа мөлшерлемесінің нарықтық мөлшерлемеден асып кету дәрежесіне және тарту көлеміне байланысты болады




Мерзімсіз депозиттер²

Мерзімсіз депозиттер — бұл қазақстандықтар арасында ең танымал депозит түрі. Бұл депозиттер шарттардың икемділігімен ерекшеленеді және төмендемейтін қалдық шегінде қаражатты кез келген уақытта толықтыруға және алуға мүмкіндік береді. Олардың пайыздық мөлшерлемесі Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесіне әдетте жақын.

Банк сайттарында орналастырылған мәліметтерге сәйкес, 19 банктің 18-і мерзімсіз депозиттерді қабылдаумен айналысады.

Соңғы айда 3 шағын банк³ мерзімсіз депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін тиісінше 1,4 п.т., 1,6 п.т. және 0,2 п. т. арттырды. Нәтижесінде сегменттегі максималды мөлшерлеме 16,9% (бір шағын банк ұсынады), ал минимум 13,0%⁴ (бір орта банк ұсынады), сегменттің орташа мәні 15,2% құрайды.

1 график. Мерзімі 12 айлық мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер⁵



² Мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерлеме бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде (Өдістеме) көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды

³ 01.11.2025 жылға арналған «Меншікті капитал, міндеттемелер және активтер туралы мәліметтер» ҚРҰБ сайтындағы есепке сәйкес активтердің мөлшері бойынша нарық үлесі 3% - ға дейін (қоса алғанда)

⁴ Таңдауға инфляция деңгейінен айтарлықтай төмен мөлшерлемелерді ұсынатын екі банктің депозиттік мөлшерлемелері кірмеді.

⁵ 12 айға ашылған мерзімсіз салымдары жоқ банктер бойынша олар 13 айға ұсынатын мөлшерлемелер пайдаланылды



Мерзімді депозиттер⁶

Мерзімді салымдар – бұл жинақ және мерзімсіз салымдар арасындағы ымыралы нұсқа деуге болады: мұнда мерзімсіз салымға қарағанда едәуір жоғары мөлшерлеме ұсынылады және жинақ салымдармен салыстырғанда қаражатты басқаруда анағұрлым икемді талаптар ұсынады.

, Банктердің сайттарындағы ақпаратқа сәйкес, 2025 жылғы қарашадан бастап толықтыруға болатын мерзімді депозиттерді 7 банк тартады. Мәселен, бір ірі банктің желісінде 3, 6 және 12 айға мерзімді депозиттер сегментінде жаңа депозиттік өнім пайда болды.


Сондай-ақ, бір ай ішінде сегменттегі сыйақы мөлшерлемелерінде келесі өзгерістер болды:

- ▲ 1 ірі банк 3 ай мерзімінде мөлшерлемені 2,0 п. т. - ға 20,0% - ға дейін көтерді және 6 ай мерзімін желіден алып тастады;
- ▲ 1 орташа банк сыйақы мөлшерлемесін тиісінше 6 және 12 ай мерзімдерде 0,2 және 0,5 п.т. 15,8%- ға және 15,5%- ға дейін көтерді;
- ▲ 1 шағын банк сыйақы мөлшерлемесін тиісінше 3, 6 және 12 ай мерзімдерінде 2,0 п.т., 1,8 п. т. және 2,5 п. т. 15,9%, 18,2% және 16,0% дейін көтерді.

Нәтижесінде, сегменттегі ең жоғары сыйақы мөлшерлемесін бір ірі банк ұсынады – 3 ай мерзімінде 20,0%, ең төменгі мөлшерлемені бір орта банк ұсынады – 24 ай мерзімінде 7,0%.

Банк сайттарында толықтырылмайтын мерзімді депозиттерді ұсыну туралы ақпарат жоқ.

2 график. Толықтыруға болатын мерзімді депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер



⁶ Мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит – жеке тұлғалардың жаңадан ашылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін анықтау және белгілеу әдістемесінде қарастырылған, шарттың талаптары бойынша Әдістемде көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын, сыйақы мөлшерлемесі тиянақталған депозит



Жинақ депозиттер

Жинақ депозиттер – салған ақшаны мерзімі аяқталғанша алуға болмайтын депозит. Бұл депозитке салған ақшасын мерзімі аяқталғанша алмауды жоспарлаған адамдар үшін өте тиімді салым түрі. Алынған жағдайда шот жабылады, сыйақы толығымен дерлік жойылады. Ал ақша 30 күннен кейін ғана беріледі.



Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер


Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттерін банктердің сайттарында орналастырылған ақпаратқа сәйкес 10 банк қабылдайды.

Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттері бойынша 3 банк сыйақы мөлшерлемелерін көтерді және олардың бірі мөлшерлемені бір мерзімде төмендетті:

- ▲ 1 орташа банк – 6 ай мерзіміндегі мөлшерлемені 0,1 п.т.-ға 18,6%-ға дейін көтерді;
- ▲ ▼ 1 орташа банк – сыйақы мөлшерлемесін 6 және 12 ай мерзімге тиісінше 2,0 және 2,5 п.т.-ға 17,0% және 15,0%-ға дейін көтерді, бірақ бұл ретте 3 ай мерзімде мөлшерлемені 2,0 п. т. -ға 15,0%-ға дейін төмендетті;
- ▲ 1 шағын банк – сыйақы мөлшерлемесін барлық мерзімдерде 0,1 п. т. -дан 2,0 п. т. -ға дейінгі диапазонда 6 ай мерзімде 18,0% ең жоғары мөлшерлеменен көтерді.

Нәтижесінде осы сегментте максималды мөлшерлеме 6 айлық мерзім үшін 18,6%-ды құрады. Ал минималды мөлшерлеме 24 айлық мерзім бойынша 5,1%-ға тең.

3 график. Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер





Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер


Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттерді 14 банк қабылдайды. Осы сегментте қараша-желтоқсан айының басында мөлшерлемелердің ең белсенді өсуі байқалды:

- ▲ 1 орташа банк – 3 ай мерзіміндегі мөлшерлемені 0,4 п.т.-ға 18,5%-ке дейін көтерді;
- ▲ 1 орташа банк – 6 ай мерзіміндегі мөлшерлемені 1,5 п.т.-ға 18,5%-ке дейін көтерді;
- ▲ 1 орташа банк – 3 және 6 ай мерзімдерінде тиісінше 0,4 және 1,0 п.т. 17,9% және 18,2% дейін;
- ▲ 2 орташа банк – 6 ай мерзімінде тиісінше 0,2 п.т. және 1,0 п.т. 19,0% және 18,0% дейін;
- ▲ 1 шағын банк – 6 ай мерзімінде 1,0 п.т. 20% дейін;
- ▲ 1 шағын банк – 6 және 12 ай мерзімдерінде тиісінше 0,5 және 0,1 п.т. 18,5% және 16,0% дейін;
- ▲ 1 шағын банк – 3, 6, 12 және 24 ай мерзімдерінде 0,5 п.т.-дан 1,9 п.т.-ға дейінгі диапазонда 6 айға 19,4% ең жоғары сыйақы мөлшерлемесімен.

Сонымен қатар, 2025 жылдың қарашасында толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттерді 3 және 6 ай мерзімдерінде 18,3% және 19,5% мөлшерлемелері бойынша 1 жаңа банк қабылдай бастады.

Толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар бойынша максималды мөлшерлеме 6 айлық салым бойынша 20%-ды құрайды. Ал минималды мөлшерлеме 6,3%-ды құрайды және ол бір ұсақ банк тарапынан 24 айдан жоғары мерзім бойынша ұсынылуда.

4 график. Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер






Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер

Сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер – бұл пайыздық мөлшерлемесі тиянақты бекітілмеген және салым шартының мерзімі барысында өзгеруі мүмкін салымдар. Мөлшерлеменің өзгеруі әдетте белгілі бір базалық көрсеткішке, мысалы, Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесіне немесе инфляция деңгейіне байланыстырылады. Пайыздық спредтің шамасын банк клиентпен шарт жасасу барысында бекітеді және салымның мерзімін ұзарту кезінде пайыздық спредтің мөлшерін ұлғайтатын жағдайларды қоспағанда өзгертілмейді.

Банк сайттарындағы ақпаратқа сәйкес, пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттерді 2 банк ұсынады. Екі банкте де базалық мөлшерлемеге -3,25 теріс спред бар, нәтижесінде жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі 15,9% құрайды. Бір ай ішінде сегментте өзгерістер байқалмады.

5 график. Банктер ұсынатын, пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер бойынша



Тұжырымдар

4 желтоқсандағы жағдай бойынша банктердің ресми сайттарының мониторингі банктердің депозиттер бойынша мөлшерлемелерді көтеруді жалғастыратынын көрсетті, бұл ақша-кредит саясатының трансмиссиялық арнасының бірінің базалық мөлшерлемені көтеруге реакциясы. Кейбір банктер базалық мөлшерлеме 16,5% - дан 18,0% - ға дейін көтерілгеннен кейін қазан айында мөлшерлемелерді қайта қарауды бастады. Бұрын күту позициясын ұстанған банктердің бір бөлігі Ұлттық Банк 28 қарашада базалық мөлшерлемені бұрынғы деңгейде сақтау туралы шешім жариялағаннан кейін депозиттік өнімдер бойынша мөлшерлемелерді көтерді. Сонымен қатар, базалық мөлшерлеме банктер үшін қорландыру құнының бағдары болып табылса да, баға белгілеу бөлігіндегі шешімдерді банктер депозиттік саясат пен әрбір банктің даму стратегиясы шеңберіндегі басқа факторларды ескере отырып қалыптастыратынын түсіну қажет.

Мәселен, мысалы, 2025 жылғы наурыз-сәуір айларында депозиттік нарықтың сыйақы мөлшерлемелерін алдыңғы қайта қарау кезінде (базалық мөлшерлеме 15,25%-дан 16,50%-ға дейін көтерілген кезде) банктер қаражатты кедергісіз толықтыру және алып қою мүмкіндігіне байланысты салымшылар арасында ең танымал – мерзімсіз депозиттер бойынша табыстылықты негізінен арттырды. Қазір сыйақы мөлшерлемелерін жиі және елеулі қайта қарау мерзімді және жинақ салымдары сегментінде байқалады – банктер депозиттердің осындай түрлері бойынша жоғары кірістілікті ұсынуға дайын. Мерзімсіз салымдардан айырмашылығы, мерзімді және жинақ депозиттері бойынша банктерге тұрақты қорландыруды қамтамасыз ететін және пайыздық тәуекелдерді төмендететін қаражатты толықтыру және мерзімінен бұрын алу бөлігінде шектеулер көзделген. Нәтижесінде толықтыру құқығымен мерзімді салымдар және толықтыру құқығынсыз жинақ салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелері 20,0%-ға жетті.

Депозиттік нарықтағы оң үрдіс бәсекелестіктің артуы болып табылады. Соңғы айларда екі жаңа банк нарыққа кіріп, нарықтағы үлесін белсенді түрде жеңіп алатын болады, бірақ қазіргі банктер де депозиттік желіні кеңейтіп, ұсыныстарын әртараптандыруда. Мысалы, жылдың басында мерзімді салымдарды тек 4 банк ұсынды, ал бүгінгі таңда сегменттегі ойыншылардың саны 7 банкке дейін өсті. Салымшылар үшін банктер арасындағы бәсекелестіктің өсуі жеке қажеттіліктер мен мақсаттарға сай депозиттік өнімдердің кең таңдауына мүмкіндік береді, ал нарық тұрғысынан бұл тек көлемдердің ұлғаюын ғана емес, сонымен қатар өнімнің әртүрлілігі мен қызмет көрсету сапасын арттыру тұрғысынан да одан әрі сапалы дамуды білдіреді.

28 қарашада қабылданған базалық мөлшерлеме бойынша шешім ағымдағы жылдың соңғысы болды, ал базалық мөлшерлеме бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің келесі шешімі 2026 жылғы 23 қаңтарда жарияланады. Қазақстандағы инфляция 2025 жылғы қарашада 12,4% құрады, инфляцияның ағымдағы деңгейі мен нарықта ұсынылатын сыйақы мөлшерлемелерінің арақатынасы теңгелік салымдар бойынша нақты кірістілікті қамтамасыз етуді жалғастыруда.

ҚДКБҚ өз тарапынан депозиттік өнімді таңдау кезінде салымшылар табыстылық деңгейін ғана емес, сонымен қатар банктің қаржылық тұрақтылығын да ескеруі тиіс екенін еске салады. Банктік салым шартына қол қоймас бұрын депозитті толықтыру мүмкіндігіне, қаражатты ішінара және толық алу шарттарына, ұзарту шарттарына, ҚДКБҚ кепілдігінің мөлшеріне және салымның басқа да негізгі шарттарына назар аудара отырып, оның талаптарымен мұқият танысуды ұсынамыз.

ҚДКБҚ кепілдігінің болуына байланысты депозиттер жинақтарды сақтау және ұлғайту үшін сенімді және қолжетімді қаржы құралы болып қала береді. ҚДКБҚ кепілдік берілген өтем сомасы депозиттің түрі мен валютасына байланысты және мынаны құрайтынын хабарлайды:



теңгелік жинақ салымдар (депозиттер) бойынша – **20 млн теңгеден;**



теңгедегі басқа да салымдар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **10 млн теңгеден;**



шетел валютасындағы шоттар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **5 млн теңгеден** асырылмайды.

Егер салымшының бір банкте әрқалай валютада әртүрлі бірнеше салымы бар болса, сол банк лицензиясынан айырылған жағдайда Қор әрбір салым бойынша белгіленген максималды кепілдік сомасын ескере отырып, салымшыға жиынтық кепілді өтем төлейді. Бірақ оның мөлшері 20 млн теңгеден асырылмайды.